	Индукциялық аспаздық туралы жадынама	12
	Ас пісіретін ыдыс таңдау	13
4	ФУНКЦИЯЛАР	15
	Қыздыру қуатын баптау	15
	Басқару элементтерін бұғаттау	15
	Қосымша функциялар	16
	Қорғаныштық ешіру	17
	Таймерді пайдалану	18
5	ПАЙДАЛАНУ	21
	Ас пісіру жөніндегі кеңестер	22
6	ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	24
	Ақауларды іздеу және жою	24
	Күтім және тазалау	25
	Кеңестер мен ұсыныстар	26
7	КЕРІ БАЙЛАНЫС	28
	Клиенттерді қолдау қызметі	28
8	ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ	29
	Техникалық сипаттамалары	29
	Кепілдік шарттары	30

1. ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР

Сіздің қауіпсіздігіңіз біз үшін маңызды. Пісіру панелін қолданар алдында осы ақпаратпен танысыңыз.



ҚАУІП ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ!

Бұл таңба қауіпсіздік туралы маңызды ақпаратты көрсетеді



ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Электртехникалық бұйымдарды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаған жөн. Мүмкіндік болса, оларды қайта өңдеуге тапсыру керек. Қайта өңдеу жөнінде нұсқау алу үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына немесе сатушыға хабарласыңыз.

Құрылғыдағы немесе оның қаптамасындағы таңба бұл құрылғыны қарапайым тұрмыстық қалдық ретінде кәдеге жаратуға болмайтынын білдіреді. Бұл құрылғыны қайта өңдеуге арналған электр және электрондық жабдықтарды жинау пунктіне өткізу қажет.

Бұл құрылғыны дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз осы құрылғыны дұрыс пайдаланбаған жағдайда пайда болуы мүмкін қоршаған ортаға және адам денсаулығына жағымсыз салдарларды болдырмауға көмектесесіз. Бұл құрылғыны қайта өңдеу туралы қосымша ақпарат алу үшін жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, тұрмыстық қалдықты кәдеге жарату қызметтеріне немесе құрылғыны сатып алған дүкенге хабарласыңыз.



ЭЛЕКТР ТОГЫНАН ЖАРАҚАТ АЛУ ҚАУПІ

- Кез келген жұмысты немесе техникалық қызмет көрсетуді орындамас бұрын құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғыны міндетті түрде ақауы жоқ электр жүйесіне қосыңыз.
- Үйдегі электр сымдары жүйесімен байланысты жұмысты тек білікті электршінің орындауына рұқсат етіледі.
- Ақауы бар не шытынаған пісіру панеліне тамақ жасамаңыз. Ақау шықты деп күдіктенсеңіз не пісіру беті шытынап кетсе, құрылғыны дереу электр көзінен (электр көзі розеткасы) ажыратып, білікті маманға жүгінізіз.
- Тазалау немесе қызмет көрсету алдында пісіру панелін электр көзі розеткасынан ажыратыңыз.
- Бұл нұсқауды орындамау электр тогы соғуына немесе өлімге әкелуі мүмкін.



КЕСІП АЛУ ҚАУПІ

- Абайлаңыз: құрылғының шеттері өткір.
- Пісіру панеліне арналған қырғыштың қақпағын алғанда не өткір жүзін шығарғанда сақтық танытыңыз. Оны асқан ұқыптылықпен пайдаланыңыз және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Қауіпсіздік ережелерін сақтамау кесіп алуға немесе басқа жарақаттарға әкелуі мүмкін.



ҚАУІПТІ! ЫСТЫҚ БЕТТЕР

- Пайдаланған кезде құрылғының қолжетімді бөліктері қызып кетеді, бұл күйіп қалуға себеп болуы мүмкін.
- Беті суығанша индукциялық әйнекке тиісті ыдыстан басқа дене, киім немесе басқа заттар тиюіне жол бермеңіз.
- Абайлаңыз: денеде орналасқан магниттелетін металл заттар пісіру бетінің жанында қызып кетуі мүмкін. Алтын және күміс әшекейлерге әсер етпейді.
- Балаларды құрылғыдан аулақ ұстаңыз.
- Кәстрөл тұтқасы ұстағанда ыстық болуы мүмкін. Кәстрөл тұтқасы басқа қосылған пісіру аймақтарының үстінде тұрмағанына көз жеткізіңіз. Тұтқа балаларға қолжетімді болмауы керек.
- Бұл нұсқауларды орындамау күйікке және буға күйіп қалуға әкелуі мүмкін.

ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАУПІ

- Құрылғы электромагниттік қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.
- Дегенмен, имплантатқа электромагниттік өріс әсер етпеуін қамтамасыз ету үшін кардиостимуляторы немесе басқа электрлі имплантаты (мысалы, инсулин сорғылары) бар адамдар құрылғыны пайдаланбас бұрын өз дәрігерінен немесе имплантатты өндірушіден кеңес алғаны жөн.
- Осы нұсқауларды орындамау адам өліміне әкелуі мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ НҰСҚАУЛЫҚТАР

- Құрылғыны ешқашан қосулы күйінде қараусыз қалдырмаңыз. Қайнау будың пайда болуына әкеледі және төгілген майлы сұйықтық тұтануы ықтимал.
- Құрылғыны ешқашан жұмыс немесе сақтау беті ретінде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыда ешқашан зат немесе ыдыс қалдырмаңыз.
- Құрылғыға магниттелген заттар (мысалы, кредиттік карта, жад картасы) немесе электрондық құрылғылар (мысалы, компьютер, MP3-плеер) қоймаңыз және қалдырмаңыз, өйткені олар электромагниттік өріс әсеріне ұшырауы мүмкін.
- Құрылғыны бөлмені жылыту немесе қыздыру үшін пайдалануға қатаң тыйым салынады.
- Қолданғаннан кейін пісіру аймақтары мен пісіру панелін әрдайым осы нұсқаулықта берілген сипаттамаға сәйкес (мысалы, сенсорлық түймелер арқылы) өшіріңіз. Ыдысты алған кезде пісіру аймақтарын өшіріңіз, тек ыдысты анықтау функциясымен өшіруге сенбеңіз.
- Балалардың құрылғымен ойнауына, оған отыруына, шығуына немесе өрмелеуіне жол бермеңіз.
- Балаларға қызық болатын заттарды құрылғының үстіндегі шкафтарда сақтамаңыз. Пісіру панеліне шыққан балалар ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Құрылғыны пайдаланатын бөлмеде балаларды жалғыз немесе қараусыз қалдырмаңыз.
- Балалар немесе мүмкіндігі шектеулі адамдар құрылғыны қолдану жөнінде нұсқаулар беретін жауапты және құзырлы тұлғаның қатысуымен ғана пайдалана алады. Нұсқаушы адам олардың құрылғыны өзіне немесе айналасына қауіп төндірмей пайдалана алатынына көз жеткізуі керек.
- Нұсқаулықта ұсынылмаса, құрылғының кез келген бөлігін жөндеуден немесе ауыстырудан аулақ болыңыз. Басқа қызметтердің бәрін білікті маман көрсетуі керек.
- Пісіру панелін тазалау үшін бутазартқыш пайдаланбаңыз.
- Пісіру панеліне ауыр зат қоймаңыз немесе тастамаңыз.
- Пісіру панеліне шықпаңыз.
- Жиіектері біркелкі емес ыдыс пайдаланбаңыз және ыдысты индукциялық әйнектің бетінде сырғытпаңыз, себебі әйнекті сырып тастауы мүмкін.
- Пісіру бетін тазалау үшін металл жөке немесе басқа агрессивті абразивті тазалағыш зат пайдаланбаңыз, себебі индукциялық әйнекті сырып тастауы мүмкін.
- Жарақат пен электр тогының соғуын болдырмау үшін зақымдалған желілік сымды өндіруші, сервистік орталықтың өкілі немесе басқа білікті маман ауыстыруы керек.
- Бұл құрылғы тұрмыстық және соған ұқсас жағдайларда пайдалануға арналған, мысалы: дүкен, кеңсе және басқа жұмыс орындарындағы қызметкерлерге арналған асүй аймақтары;
 - қала сыртындағы тұрғын үйлер;
 - қонақ үй бөлмелері, мотельдер және соған ұқсас басқа тұрғынжайлар;
 - «түнеу және таңғы ас» типіндегі қонақүйлер.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Пайдалану кезінде құрылғы және оның ашық бөліктері қызады.
- Қыздыру элементтеріне тиіп кетпеу үшін абай болыңыз.
- 8 жасқа дейінгі балалар үнемі бақылауда болмаса, пісіру панеліне жақындатпаңыз.
- Бұл пісіру панелін 8 жастан асқан балалар, сондай-ақ физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ тұлғалар, егер олар пешті қауіпсіз пайдалану туралы нұсқау алса не бақылауда болса және ықтимал қауіптерді түсінсе, пайдалана алады.

- Балалардың пісіру панелімен ойнауына тыйым салынады. Құрылғыны балалар қараусыз тазаламауы және техникалық қызмет көрсетпеуі керек.
- **ЕСКЕРТУ:** Пісіру панелінде май пайдаланып тамақ жасау процесін қараусыз қалдырсаңыз, өрт қаупі пайда болуы мүмкін. ЕШҚАШАН өртті сумен сөндіруге тырыспаңыз — құрылғыны өшіріп, жалынды қақпақпен немесе өртке қарсы жамылғымен жабыңыз.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Өрт қаупі: заттарды пісіру беттерінде сақтамаңыз.
- Ескерту: егер бетінде жарықтар болса, электр тогы соғуын болдырмау үшін құрылғыны өшіріңіз. Бұл талап шыны қыштан немесе ток өткізгіш бөліктерді қорғайтын ұқсас материалдан жасалған пісіру беттеріне қатысты.
- Пышақ, шанышқы, қасық және қақпақ сияқты металл заттарды панельдің бетіне қоймау керек, себебі олар қызып кетуі мүмкін.
- Құрылғы сыртқы таймер немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен басқаруға арналмаған.
- Орнатқаннан кейін қуат сымы мен корпусының төменгі бөлігі қолжетімді болмауы керек.


2. ОРНАТУ

МОНТАЖ ЖАБДЫҚТАРЫН ТАҢДАУ

Суретте көрсетілген өлшемдерге сәйкес үстел үстіне тесік кесіңіз.

Орнату және пайдалану үшін оның айналасында кем дегенде 5 см бос орын қалуы керек.

Үстел үстінің қалыңдығы 30 мм-ден кем емес екеніне көз жеткізіңіз. Пісіру панелінен шыққан жылу сәулесі салдарынан деформация болмау үшін ыстыққа төзімді үстел үсті материалын таңдаңыз. Төмендегі суретті қараңыз:




Ұ (мм)	Е (мм)	Б (мм)	Т (мм)	А (мм)	В (мм)	Х (мм)
590	520	54	50	560	480	кем дегенде 50

Кез келген жағдайда индукциялық пісіру панелінің жақсы желдетілуін қамтамасыз ету керек және ауа кіріп-шығатын саңылаулары бітеліп қалмағанына көз жеткізу қажет. Индукциялық пісіру панелінің дұрыс жұмыс істеп тұрғанына және төменде көрсетілгендей жұмыс күйінде екеніне көз жеткізіңіз.



ЕСКЕРТПЕ:

Пісіру панелі мен оның үстінде орналасқан шкаф арасындағы қауіпсіз қашықтық кемінде 760 мм болуы керек.



А (мм)	В (мм)	С (мм)	Д	Е
760	кем дегенде 50	кем дегенде 30	Ауатартқы	Ауаның шығуы >5 мм

Пісіру панелін орнатпас бұрын мынаны тексеріңіз:

- жұмыс беті тегіс тік бұрышты және ешқандай құрылымдық элементтер кеңістікке қатысты талаптарды бұзбайды;
- жұмыс беті ыстыққа төзімді материалдан жасалған;
- егер пісіру панелі тұмшапеш үстіне орнатылған болса, онда тұмшапеште кіріккен салқындетушы желдеткіш бар;
- монтаж саңылауларға қойылатын барлық талапқа және қолданыстағы нормалар мен ережелерге сәйкес келеді;
- электр сымдарына қатысты жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орнатылған және орналасқан тұрақты сым құрамына желілік электр көзінен толығымен ажырауын қамтамасыз ететін жарамды ажыратқыш кіреді.

Барлық полюс үшін 3 мм ауа аралықтары бар байланыстарды (немесе жергілікті электрлік ережелерге сәйкес рұқсат етілген жағдайда барлық белсенді өткізгіштерді) ажыратуды қамтамасыз ететін ажыратқыштың бекітілген түрі қолданылуы керек;

- ажыратқыш пісіру панелін монтаждаған соң пайдаланушыға оңай қолжетімді болады;
- монтаждауға қатысты күмәніңіз болса, жергілікті уәкілетті құрылыс органдарымен кеңесіңіз және жергілікті нормативтік актілермен танысып шығыңыз.
- пісіру панелін қоршаған қабырға беттері үшін ыстыққа төзімді және жеңіл тазаланатын әрлеу түрі (мысалы, қыш тақта) қолданылады.


Пісіру панелін орнатқаннан кейін мынаны тексеріңіз:

- қуат кабеліне шкафтың есіктері не тартпалары арқылы қол жеткізуге болмайды;
- пісіру панелінің түбіне жеткілікті таза ауа кіруі қамтамасыз етілген;
- егер пісіру панелі жылжымалы жәшік немесе шкаф үстіне орнатылса, онда пісіру панелінің түбіне термиялық қорғаныш тосқауылы орнатылады;
- ажыратқыш пайдаланушыға оңай қолжетімді.

Тығыздағышты орнату

Орнату жинағында пісіру панелін бойлай жабыстырса шкафқа сұйықтық түсуіне жол бермейтін тығыздағыш таспа бар. Бұл тығыздағышты дұрыс қолдану үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Түссіз желім әлі тығыздағыштың өзінде екеніне көз жеткізіп, тығыздағыш таспадан төсемді алыңыз.
- Пісіру панелін төңкеріп, тығыздағыштың сыртқы бөлігі панельдің сыртқы жиегіне дәл келу үшін тығыздағыш таспаны пісіру панелінің шетіне дұрыс орналастырыңыз.



- Тығыздағышты пісіру панеліне біркелкі және сенімді бекітіңіз, оны орнына мықтап басыңыз.


Бекіткіш кронштейндерді орнатпас бұрын

Құрылғыны тұрақты, тегіс бетке қою керек (қаптаманы қолданыңыз). Басқару элементтерін баспаңыз.

Кронштейннің күйін реттеу

Үстел үстіне бұрандалармен бекітуді қамтамасыз ету үшін пісіру панелінің төменгі жағында орналасқан 4 кронштейнді орнатыңыз (суретті қараңыз).

Кронштейндердің орналасуын үстел үсті тақтайының қалыңдығына сәйкес реттеңіз.



САҚТАНДЫРУ

Бұл пісіру панелін тек тиісті білікті маман электр желісіне қосуға тиіс. Пісіру панелін электр желісіне қоспас бұрын мынаны тексеріңіз:

- 1) ішкі электр желісі пісіру панелінің тұтынатын қуатына сәйкес келеді;
- 2) кернеу паспорт деректері жазылған тақтайшада көрсетілген мәнге сәйкес келеді;
- 3) қуат кабелінің қимасы оған паспорттық деректері бар тақтайшада көрсетілген жүктемеге шыдауға мүмкіндік береді.


Пісіру панелін электр желісіне қосу үшін адаптер, ауыстырғыш немесе тармақтағыш пайдаланбаңыз, себебі олар қызып кетуіне және өртенуіне ықпал етуі мүмкін.

Қуат кабелі қандай да бір ыстық бөлшектерге тиіп кетпеуі керек және оның температурасы кез келген нүктеде 75 °C-тан аспайтындай етіп орналасуы керек.

Ішкі сымдарға өзгерістер қажет пе, жоқ па, электршіден анықтап алыңыз. Кез келген өзгерістерді тек білікті электрші жүргізуі керек.

ПІСІРУ ПАНЕЛІН ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ҚОСУ

Қуат блогы қолданыстағы стандартқа сәйкес немесе бір полюсті автоматты ажыратқышты пайдалану арқылы қосылуы керек. Қосу тәсілі төменде көрсетілген.




- Егер кабель зақымдалған болса немесе ауыстыруды қажет етсе, жазатайым жағдайдың алдын алу үшін бұл операцияны арнайы құралдарды қолдана отырып, сатқаннан кейін қызмет көрсету орталығының өкілі орындауға тиіс.
- Егер құрылғы тікелей желіге қосылған болса, түйіспелер арасына 3 мм-ден кем емес қашықтықта көп полюсті автоматты ажыратқыш орнату қажет.
- Монтаждаушы қауіпсіздік ережелеріне сәйкес дұрыс электр қосылысының орындалуын қамтамасыз етуі керек.
- Кабель майысқан немесе жаншылған болмауға тиіс.
- Кабельді үнемі тек авторланған мамандар тексеруі және ауыстыруы керек.

3. АЛҒАШ РЕТ ПАЙДАЛАНАР АЛДЫНДА


ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

ЖОҒАРЫДАН ҚАРАҒАНДАҒЫ КӨРІНІСІ



1. 210 мм/2000 Вт, күшейту 2600 Вт
2. 160 мм/1500 Вт, күшейту 1800 Вт
3. 180 мм/2000 Вт, күшейту 2500 Вт
4. 160 мм/1500 Вт, күшейту 1800 Вт
5. Әйнек тілімше
6. Басқару панелі


Басқару панелі



- | | |
|--|-------------------------------|
| 1. Пісіру аймағын таңдау түймелері | 7. Жылыту режимі |
| 2. Қуат/таймерді баптау реттегіші | 8. Stop&Go функциясын басқару |
| 3. Таймерді баптау түймесі | 9. Балқыту |
| 4. Қосу/өшіру түймесі | 10. Бұқтыру |
| 5. Балалардан қорғауды басқару | 11. Қуыру |
| 6. Boost жылуды күшейту функциясының түймесі | 12. Қайнату |

ИНДУКЦИЯЛЫҚ АСПАЗДЫҚ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА

Индукциялық аспаздық — қауіпсіз, озық, тиімді және үнемді тамақ жасау технологиясы. Ол әйнек бетін жанама қыздыру арқылы емес, тікелей ыдыста жылу тудыратын электромагниттік тербелістерді пайдалануды көздейді. Әйнек өзін ыдыс қыздыратындықтан ғана ыстық болады.




Жаңа индукциялық пісіру панелін қолданар алдында

- «Қауіпсіздік туралы ескертулер» бөліміне ерекше назар аудара отырып, осы нұсқаулықты оқыңыз.
- Индукциялық плитада қалып қоюы мүмкін қорғағыш үлдірді сыдырып алып тастаңыз.

Сенсорлық түймелерді пайдалану

- Түймелер түрткенде қосылады, сондықтан ешқандай күш салудың қажеті жоқ.
- Саусақ ұшымен емес, жастықшасымен түртіңіз.
- Әр жанасқанда дыбыстық сигнал беріледі.
- Басқару элементтерінің таза, құрғақ және ешқандай заттармен (асүй ыдыстары немесе майлық сияқты) жабылмағанына көз жеткізіңіз. Тіпті жұқа су қабаты басқаруды қиындатуы мүмкін.



АС ПІСІРЕТІН ЫДЫС ТАҢДАУ



ЕСКЕРТУЛЕР


- Түбі индукциялық пісіруге жарайтын ыдысты ғана пайдаланыңыз. Қаптаманың сыртында немесе ыдыстың түбінде индукция таңбасын іздеңіз.
- Ыдысқа магниттік тест жасау арқылы жарамдылығын тексеруге болады. Магнитті ыдыстың түбіне жақындатыңыз. Егер ол тартылатын болса, онда ыдысыңыз индукциялауға жарамды болады.
- Егер магнит болмаса:
 1. Тексергіңіз келетін ыдысқа аздап су құйыңыз.
 2. Егер дисплейде "U" жыпылықтамаса және су қызса, ыдыс қолдануға жарамды.
- Мына материалдардан жасалған ыдыстар индукциялық панельге жарамайды: таза тот баспайтын болат, магнитті табаны жоқ алюминий немесе мыс, әйнек, ағаш, фарфор, қыш және саз.




Жиектері тегіс емес немесе түбі майысқан ыдыс пайдаланбаңыз.



Ыдыстың түбі тегіс, әйнекке тығыз жанасатынына және пісіру аймағымен бірдей өлшемде екеніне көз жеткізіңіз. Диаметрі таңдалған аймақтың кескінделген өлшеміне сәйкес келетін ыдыстарды пайдаланыңыз. Энергияны барынша тиімді пайдалану үшін диаметрі пісіру аймағынан сәл үлкен ыдыстарды пайдаланыңыз. Диаметрі кіші ыдыс қолданғанда тиімділік күткеннен нашар болады. Диаметрі 80 мм-ден кіші ыдысты пісіру панелі анықтай алмауы мүмкін. Әрқашан ыдысты пісіру аймағының ортасына қойыңыз.



Әркез индукциялық пісіру панелінен ыдысты көтеріңіз – сырғытып жылжитпаңыз, себебі ондай кезде әйнекті сырып алуыңыз мүмкін.



4. ФУНКЦИЯЛАР

ҚЫЗДЫРУ ҚУАТЫН БАПТАУ

Қызу қуатын реттегіштер түрлі пісіру типіне арналған баптау жөніндегі болжамды кеңестермен жабдықталған.

Қыздыру қуатын баптау	Жарамдылығы
1–2	<ul style="list-style-type: none">• Аздаған тамақ мөлшерін баяу жылыту• Шоколад, сары май және тез күйетін өнімдерді еріту• Баяу қайнату• Баяу қыздыру
3–4	<ul style="list-style-type: none">• Жылыту• Бұқтыру• Күріш пісіру
5–6	<ul style="list-style-type: none">• Құймақ, оладья
7–8	<ul style="list-style-type: none">• Шала қуыру• Паста жасау
9	<ul style="list-style-type: none">• Араластырып қуыру• Қуыру• Сорпа қайнату• Су қайнату

БАСҚАРУ ЭЛЕМЕНТТЕРІН БҰҒАТТАУ


- Басқару түймелерін кездейсоқ қолданудың алдын алу үшін бұғаттауға болады (мысалы, балалардың пісіру аймағын кездейсоқ қосуы).
- Бұғаттаулы қалпында «ON/OFF» түймесінен басқа түймелердің бәрі сөндірулі.

Басқару түймелерін бұғаттау

Ешбір аймақты таңдамай, «Балалардан қорғау» басқару элементін түртіңіз. Таймер индикаторында «Lo» көрсетіледі.

Lo

Басқару түймелерін бұғаттан шығару

1. Индукциялық пісіру панелі қосұлы екеніне көз жеткізіңіз.
2.  түймесін біраз уақыт басып, ұстап тұрыңыз.
3. Енді индукциялық пісіру панелін пайдалануға болады.



ЕСКЕРТУЛЕР

Пісіру панелі бұғаттау режимінде болғанда, «ON/OFF» түймесінен басқа барлық басқару элементі өшеді; төтенше жағдайда индукциялық пісіру панелін әрқашан «ON/OFF» түймесімен өшіруге болады, бірақ келесі пайдаланғанда алдымен панельді бұғаттан шығару керек.

ҚОСЫМША ФУНКЦИЈЛАР

BOOST функциясын қолдану

1. Алдымен 1#, 2#, 3# немесе 4# сәйкес дайындау аймағын таңдау түймесін басыңыз. Тиісті пісіру аймағының сандық индикаторы жыпылықтап, ағымдағы деңгейді көрсетеді. Осы кезде жоғары қыздыру функциясын іске қосу үшін Boost түймесін басыңыз, сонда индикаторда «P» таңбасы пайда болады. Бірнеше секундтан кейін таңдалған деңгей автоматты түрде расталады (индикатор жыпылықтауын тоқтатады). Бұл функция 5 минуттық қыздырудан кейін автоматты түрде өшеді (9 сатылы режимге оралады).
2. Boost күшейту режимін өшіру үшін алдымен пісіру аймағын таңдаңыз, содан кейін Boost режимінен қолмен шығу үшін Boost түймесін бір рет басыңыз (алдыңғы орнатылған қуат деңгейіне оралу).

B



Stop & Go функциясы


Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде қызуын тоқтату үшін Кідіріс (Pause) түймесін басыңыз. Барлық сандық дисплейде «II» таңбасы пайда болады және функция 90 минутқа қосылады, содан кейін құрылғы өшеді (қалпына келеді). Егер пайдаланушы 90 минут ішінде Кідіріс (Pause) түймесін қайта басса, құрылғы бұрынғы қуат деңгейінде қыздыруды жалғастырады.

II




Еріту

Сәйкес дайындау аймағын таңдау түймесін түртіңіз. Содан кейін Еріту функциясын іске қосу үшін еріту таңбасы орналасқан жердегі реттегішті түртіңіз.




Жылуды сақтау

Сәйкес дайындау аймағын таңдау түймесін түртіңіз. Содан кейін Жылуды сақтау функциясын іске қосу үшін жылыту таңбасы орналасқан аймақтағы реттегішті түртіңіз.



Бұқтыру

Бұқтыру кезінде осы диапазонда қуатты пайдалану ұсынылады (ақпарат анықтама үшін берілген).



Қуыру

Қуыру кезінде осы диапазонда қуатты пайдалану ұсынылады (ақпарат анықтама үшін берілген).



Қайнату

Суды қайнату кезінде осы диапазондағы қуатты пайдалану ұсынылады (ақпарат анықтама үшін берілген).



ҚОРҒАНЫШТЫҚ ӨШІРУ

Қызып кетуден қорғау

Температура датчигі индукциялық пісіру панелінің ішіндегі температураны бақылай алады. Температура шекті рұқсат етілгеннен жоғары көтерілгенде, индукциялық пісіру панелі автоматты түрде өшеді.

Ұсақ заттарды анықтау

Үлкен емес немесе магнитті емес ыдыстарды (мысалы, алюминийден жасалған) немесе басқа ұсақ заттарды (мысалы, пышақ, шанышқы, кілт) пісіру панелінде қалдырсаңыз, панель 1 минут ішінде автоматты түрде күту режиміне өтеді.

Қорғаныштық автоматты өшу

Автоматты өшу индукциялық пісіру панелінің қорғаныш функциясы саналады. Пісіру панелін өшіруді ұмытып кетсеңіз, ол автоматты түрде өшеді. Әртүрлі қуат деңгейі үшін әдепкі өшіру уақыты төмендегі кестеде көрсетілген:

Қуат деңгейі	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жұмыс уақыты (сағат)	8	8	8	4	4	4	2	2	2

Ыдыстарды пісіру аймағынан алып тастағаннан кейін индукциялық пісіру панелі қызуын дереу тоқтатып, 2 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

ТАЙМЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Таймерді екі түрлі жолмен пайдалануға болады:

- Оны кері санау үшін пайдалануға болады. Бұл жағдайда таймер белгіленген уақыттан кейін ешқандай пісіру аймағын өшірмейді.
- Белгіленген уақыттан кейін бір немесе бірнеше пісіру аймағын автоматты түрде өшіруге болады.
- Таймердің максимал жұмыс істеу уақыты 99 минутты құрайды.

Кері санақ үшін таймерді пайдалану

Пісіру аймақтарын таңдаусыз

1. Пісіргіш панельдің қосулы екеніне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТУ: пісіру аймағы таңдалмаса да, таймерді кері санау үшін пайдалануға болады.

2. Таймерді баптау түймесін түртіңіз, таймер дисплейінде «30» пайда болады және «0» жыпылықтай бастайды.



3. 1 минуттық қадаммен уақытты азайту немесе ұлғайту үшін саусағыңызды реттегіш бойымен жылжытыңыз.



4. Таймерді баптау түймесін тағы бір рет түртіңіз — бірінші сан жыпылықтай бастайды: енді уақытты 10 минуттық қадаммен өзгертуге болады.

5. Реттегішті пайдаланып уақытты орнатыңыз — енді таймер 35 минутқа орнатылды.



6. Кері санақ уақыт белгіленген соң бірден басталады. Қалған уақыт дисплейде көрсетіледі.

7. Зуммер 30 секунд ішінде сигнал береді, ал белгіленген уақыт аяқталған кезде таймер индикаторында «-» пайда болады.

Кері санақ таймерін тоқтату

1. Ешқандай пісіру аймағы таңдалмағанына көз жеткізіңіз.
2. Таймерді орнату түймесін түртіңіз — экранда қалған таймер уақыты көрсетіледі.



- 3 Төменде көрсетілгендей «00» мәніне дейін баптау реттегішінде солға сырғыту арқылы уақытты орнатыңыз.




Бір немесе бірнеше пісіру аймағын автоматты түрде өшіру үшін таймерді орнату

Бір пісіру аймағына арналған таймер:

1. Таймерді орнату қажет дайындау аймағын таңдау түймесін түртіңіз.




2. Таймерді орнату түймесін түртіңіз, таймер индикаторында «30» пайда болады және қуат деңгейі индикаторының жанындағы қызыл нүкте жанады.



3. Минуттық кері санақ таймерін орнатқан кездегідей саусағыңызды реттегіш бойымен жылжыту арқылы уақытты орнатыңыз.
4. Кері санақ уақыт белгіленген соң бірден басталады. Қалған уақыт дисплейде көрсетіледі.

ЕСКЕРТУ: қуат деңгейі индикаторының жанындағы қызыл нүкте қай аймақ таңдалғанын көрсетеді.




5. Дайындау уақыты аяқталғаннан кейін тиісті пісіру аймағы автоматты түрде өшеді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Бұрын басқа пісіру аймақтары қосылған болса, олар жұмысын жалғастырады.

Бірнеше пісіру аймағына арналған таймер:

1. Бірнеше пісіру аймағы үшін уақытты бір уақытта орнатқан кезде, тиісті аймақтардың қуат деңгейінің көрсеткішіне жақын тұрған нүктелер жанады. Минут дисплейінде қуат көрсеткішінің жанындағы нүкте жыпылықтайтын аймақ үшін минуттық таймер көрсетіледі.



2. Кері санақ аяқталғаннан кейін тиісті пісіру аймағы өшеді. Содан кейін минуттық таймердің басқа мәні көрсетіледі және тиісті пісіру аймағының нүктесі жыпылықтай бастайды.



- Қажетті дайындау аймағын таңдау түймесін түртіңіз — таймер индикаторы осы аймаққа сәйкес келетін таймерді көрсетеді.

Таймерді тоқтату

1. Таймерді тоқтатуды қажет ететін тиісті пісіру аймағының реттегішін түртіңіз. Бұл аймақ үшін қалған уақыт көрсетіледі, индикатор жыпылықтайды.



2. Таймерді баптау түймесін түртіңіз.




3. Реттегіштің көмегімен таймерді «00» күйіне орнатыңыз, индикатор 5 рет жыпылықтайды — таймер жойылды.

5. ПАЙДАЛАНУ

Пісіру процесінің басталуы


1. Қосу/өшіру («ON/OFF») түймесін түртіңіз.

Қуат көзіне қосылғаннан кейін бір реттік дыбыстық сигнал беріледі, барлық дисплейде « - » немесе « -- » көрсетіледі; бұл пісіру панелінің күту режимінде екенін көрсетеді.




2. Пайдаланғыңыз келетін пісіру аймағына сәйкес кәстрөлді қойыңыз.

- Кәстрөлдің түбі мен пісіру аймағының беті таза және құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.




3. Тиісті пісіру аймағын таңдау түймесін түртіңіз; түйменің қасындағы индикатор жыпылықтай бастайды.



4. Саусағыңызды реттегіште жылжыту арқылы қыздыру деңгейін таңдаңыз.

- Бір минут ішінде қуат деңгейін таңдамасаңыз, индукциялық пісіру панелі автоматты түрде өшеді. Қайтадан 1-тармақтан бастауыңыз керек.
- Пісіру барысында қуат параметрлерін кез келген уақытта өзгертуге болады.



Егер дисплей қыздыру қуатының баптауымен жыпылықтаса, мынаны білдіреді:



кезектесіп


- ыдысты тиісті пісіру аймағына қоймадыңыз немесе
- ыдыс индукциялық пісіруге жарамсыз немесе
- ыдыс тым кішкентай немесе пісіру аймағына дұрыс қойылмаған.

Пісіру аймағында жарамды ыдыс болмаса, қызбайды.


Пісіру аймағына жарамды ыдыс қойылмаса, дисплей бір минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

Пісіріп болған соң

1. Өшіргіңіз келетін пісіру аймағының реттегішін түртіңіз



2. Қыздыру қуатын «0-ге» дейін төмендету арқылы пісіру аймағын өшіріңіз. Дисплейде «0» көрініп тұрғанына көз жеткізіңіз.




3. «ON/OFF» түймесін басу арқылы бүкіл пісіру панелін өшіріңіз.



4. Ыстық беттерден сақ болыңыз:

«H» индикаторы қай пісіру аймақтары ыстық екенін көрсетеді. Беті қауіпсіз температураға дейін суыған кезде индикатор сөнеді. Оны энергия үнемдеу үшін де қолдануға болады: егер басқа ыдыстарды қыздырғыңыз келсе, ыстық пісіру аймағын пайдаланыңыз.



АС ПІСІРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР



ЕСКЕРТУЛЕР

Қуырған кезде абай болыңыз, өйткені май өте тез қызады, әсіресе қуатты күшейту функциясын қолданған кезде. Өте жоғары температурада май өздігінен тұтанады және бұл үлкен өрт қаупін тудырады.

Пісіру жөніндегі кеңестер

- Тамақ қайнаған кезде температураны төмендетіңіз.
- Қақпақ пайдалану пісіру уақытын қысқартады және жылу сақтау арқылы энергияны үнемдейді.
- Пісіру уақытын қысқарту үшін сұйықтық немесе май мөлшерін азайтыңыз.
- Пісіруді жоғары температурада бастаңыз және тамақ қызған кезде параметрлерді төмендетіңіз.

Баяу қайнату, күріш пісіру

- Баяу пісіру қайнау температурасынан төмен, шамамен 85°C температурада, сұйықтықтың бетіне ауық-ауық көпіршік көтерілгенде пайда болады. Бұл дәмді сорпалар мен жұмсақ бұқтырылған тағамдарды дайындаудың кілті, өйткені хош иіс тамақты артық қайнатпаса да шығады. Сондай-ақ жұмыртқа мен ұн негізіндегі тұздықтарды қайнау температурасынан төмен температурада дайындау керек.
- Кейбір тапсырмалар, соның ішінде күріш пісіру, ұсынылған уақыт ішінде дұрыс пісу үшін ең төменгі параметрлерден жоғарысын орнатуды қажет етуі мүмкін.

Стейк қуыру

Сәлді хош иісті стейк дайындау үшін:

1. Дайындау алдында етті бөлме температурасында шамамен 20 минутқа қалдырыңыз.
2. Түбі қалың табаны алдын ала қыздырыңыз.
3. Стейктің екі жағын майлаңыз. Ыстық табаға аз мөлшерде май салыңыз, содан кейін етті салыңыз.
4. Пісірген кезде стейкті бір рет қана аударыңыз. Нақты пісіру уақыты стейктің қалыңдығына және пісіру тәсіліне байланысты. Уақыт әр жағы үшін 2-8 минут аралығында өзгеруі мүмкін. Оның қаншалықты дайын болғанын анықтау үшін стейкті басып көріңіз — неғұрлым қатты сезілсе, соғұрлым жақсы қуырылды деген сөз.
5. Стейкті жылы табақта бірнеше минутқа қалдырыңыз, сонда ол «демалады» және ұсынар алдында жұмсақ болады.

Араластырып қуыру

1. Түбі тегіс немесе индукциялық панельге жарайтын үлкен таба таңдаңыз.
2. Барлық ингредиент пен жабдықты алдын ала дайындаңыз. Араластырып қуыру тез жүзеге асуы керек. Көп мөлшерде тамақ жасаған кезде бірнеше кішкене партиямен дайындаңыз.
3. Табаны қысқа уақыт ішінде қыздырып, екі ас қасық май қосыңыз.
4. Алдымен етті дайындаңыз, содан кейін оны бір жаққа қойып, жылы ұстаңыз.
5. Көкөністерді араластырып қуырыңыз. Олар ыстық, бірақ әлі қытырлақ болған кезде пісіру аймағының қызу деңгейін төмендетіңіз, етті табаға қайта салыңыз және тұздық қосыңыз.
6. Ингредиенттер толық жылығанына көз жеткізу үшін ақырын араластырыңыз.
7. Дайын болған соң бірден үстелге қойыңыз.

6. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Ақау шықса, индукциялық пісіру панелі автоматты түрде қауіпсіз күйге өтеді және дисплейге тиісті қорғаныш кодтары шығады:

Қате коды	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
E1	Кіріс кернеуі тым жоғары (>270 В)	Сервистік орталыққа жүгініңіз. Электр желісіндегі кернеу деңгейін тексеріңіз.
E2	Кіріс кернеуі тым төмен (<180 В)	Сервистік орталыққа жүгініңіз. Электр желісіндегі кернеу деңгейін тексеріңіз.
E3	Пісіру панелі қатты қызып кетті	Сервистік орталыққа жүгініңіз. Панельде бос ыдыс қызып жатқанын тексеріңіз.
E5	IGBT термисторы қызып кетті	Сервистік орталыққа жүгініңіз. Кіріс және шығыс желдеткіш саңылаулары бітеліп қалуы мүмкін — оларды тексеріп, тазалаңыз. Немесе желдеткіш жұмыс істемейді.
FA/F9	IGBT термисторы қысқа тұйықталған немесе жұмыс істемейді	Сервистік орталыққа жүгініңіз.
<u>U</u>	Таба қойылмаған немесе қолдануға жарамсыз.	Жарамды таба қолданыңыз
F3	Термистор датчигі қысқарған немесе жұмыс істемейді	Сервистік орталыққа жүгініңіз. Жөндеу қажет.
F4	Термистор датчигі қысқарған немесе жұмыс істемейді	Сервистік орталыққа жүгініңіз. Жөндеу қажет.

Жоғарыда жалпы ақауларды бағалау және тексеру жөнінде кеңестер берілген. Қауіп пен индукциялық пісіру панелінің зақымдануының алдын алу үшін құрылғыны өзіңіз бөлшектемеңіз.


Не?	Қалай?	Маңызды!
<p>Әйнектегі күнделікті кір (саусақ іздері, іздер, тамақ немесе тәтті емес өнімдер төгілген кезде қалған дақтар).</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Пісіру панелін қуат көзінен ажыратыңыз; 2. Пісіру панелін тазартқышты беті әлі жылы болып тұрғанда (бірақ ыстық емес!) жағыңыз; 3. Шайыңыз және құрғақ, таза шүберекпен немесе қағаз сүлгімен сүртіңіз. 4. Пісіру панелін қуат көзіне қосыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> • Пісіру панелінің қуаты өшкен кезде пісіру аймағы әлі де ыстық болуы мүмкін, бірақ ыстық беттің индикаторы жоқ! Өте сақ болыңыз. • Металл жөкелер, кейбір нейлон жөкелер және агрессивті/абразивті тазартқыш құралдар әйнекті сырып тастауы мүмкін. Тазалағыш немесе жуғыш зат пісіру панеліне сәйкес келетініне көз жеткізу үшін міндетті түрде заттаңбаны оқыңыз. • Тазалағыш құрал қалдықтарын ешқашан пісіру панелінде қалдырмаңыз: бұл әйнектің түссізденуіне әкелуі мүмкін.
<p>Қайнаған сұйықтық төгілуі, еріген тағам қалдықтары және әйнектегі күйген тәтті тағамдар</p>	<p>Оларды шынықш пісіру панельдеріне сәйкес келетін жүзі бар қырғышпен дереу алып тастаңыз, бірақ пісіру аймағының ыстық беттерінен сақ болыңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ашаны электр қуат көзі розеткасынан алу арқылы пісіру панелін қуат көзінен ажыратыңыз; 2. Жүзді 30° бұрышта ұстаңыз және кірді немесе дақты пісіру панелінің суық аймағына қарай қырыңыз. 3. Кірді немесе төгілген сұйықтықты асуі сүлгісімен немесе қағаз сүлгімен тазалаңыз. 4. Күнделікті кірді әйнектен кетіру үшін жоғарыдағы 2—4-қадамдарды орындаңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> • Еріген, тәтті немесе төгілген тамақтан қалған дақтарды мүмкіндігінше тезірек кетіріңіз. Әйнек суыған соң оларды кетіру қиын болуы мүмкін; мұндай жағдайда әйнек бетін зақымдау қаупі бар. • Кесіп алу қаупі: қорғаныш қақпағын тартқан кезде пісіру панеліне арналған қырғыштың өткір жүзі ашылады. Оны асқан ұқыптылықпен пайдаланыңыз және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Не?	Қалай?	Маңызды!
Сенсорлық түймелерге төгілген сұйықтық	<ol style="list-style-type: none"> 1. Пісіру панелін қуат көзінен ажыратыңыз; 2. Төгілген сұйықтықты сүртіңіз; 3. Сенсорлық басқару облысын таза дымқыл жөкемен немесе шүберекпен сүртіңіз; 4. Бұл аймақты қағаз сүлгімен құрғатып сүртіңіз. 5. Пісіру панелін қуат көзіне қосыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> • Сұйықтық кірген кезде пісіру панелі дыбыстық сигнал беріп, өшіп қалуы, ал сенсорлық түймелер жұмыс істемеуі мүмкін. Пісіру панелін қоспас бұрын сенсорлық басқару аймағын құрғатыңыз.

КЕҢЕС: наножабынды панельді күнделікті қажеттіліктер үшін әдеттегідей күтіп, пайдалануға болады. Ұзақ пайдаланған жағдайда жабын табиғи тозуы мүмкін екенін ескеру қажет.

КЕҢЕСТЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Мәселе	Ықтимал себептері	Ықтимал шешімі
Индукциялық пісіру панелі қосылмайды.	Қуат көзіне қосылмаған.	Индукциялық пісіру панелі қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз. Үйіңізде немесе сіз тұратын ауданда электр сөнбеді ме, тексеріңіз. Барлық тексерісті аяқтағаннан кейін мәселе шешілмесе, білікті маманға хабарласыңыз.
Сенсорлық түймелер жанасқанда жауап бермейді.	Түймелер бұғатталған.	Түймелерді бұғаттан шығарыңыз. Нұсқаулар индукциялық пісіру панелін пайдалану жөніндегі бөлімде жазылған.
Сенсорлық түймелерді басқару қиын.	Түймелердің үстінде жұқа су пленкасы болуы ықтимал немесе түймелерді саусақ ұшымен түртуіңіз мүмкін.	Сенсорлық басқару аймағы құрғақ екеніне көз жеткізіңіз және саусақпен түймелерді түртіңіз.
Әйнектегі сызаттар.	Шеті өткір ыдыс. Жарамсыз абразивті тазартқыш құралдар немесе тазалағыштар қолданылады:	Түбі жалпақ әрі тегіс ыдыс қолданыңыз. Ыдысты дұрыс таңдау бөлімін қараңыз. «Күтім және тазалау» бөлімін қараңыз.
Кейбір кәстрөл сықырлайды немесе шытырлайды.	Бұл ыдысыңыздың құрылымына байланысты болуы мүмкін (түрлі металл қабаттары әртүрлі діріл туғызады).	Бұл ыдыс үшін қалыпты жағдай және ақау барын білдірмейді.

Мәселе	Ықтимал себептері	Ықтимал шешімі
Индукциялық пісіру панелін қатты қыздырған кезде аздап гуілдейді.	Бұл әсер индукциялық пісіру технологиясынан туындайды.	Бұл қалыпты жағдай, бірақ қыздыру қуаты азайған кезде шу басылуы немесе толығымен жойылуы керек.
Индукциялық пісіру панеліндегі желдеткіштің шуы.	Электрондық компоненттердің қызып кетуіне жол бермеу үшін индукциялық пісіру панеліне кіріккен салқындатушы желдеткіш қосылды. Ол индукциялық пісіру панелін өшіргеннен кейін де жұмысын жалғастыра алады.	Бұл қалыпты жағдай, ешқандай әрекет қажет емес. Желдеткіш жұмыс істеп тұрған кезде индукциялық плитаны қуат көзінен ажыратпаңыз.
Ыдыс қызбайды және дисплейде «  » белгісі пайда болады.	Индукциялық пісіру панелін ыдысты анықтай алмайды, өйткені ол индукциялық пісіруге жарамайды. Индукциялық пісіру панелі ыдысты анықтай алмайды, өйткені ол пісіру аймағы үшін тым кішкентай немесе дұрыс орналаспаған.	Индукциялық пісіруге жарамды ыдыстарды қолданыңыз. Ыдысты дұрыс таңдау бөлімін қараңыз. Ыдысты ортасына қойып, түбінің өлшемі пісіру аймағының өлшеміне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
Индукциялық пісіру панелі немесе аймақ күтпеген жерден өшеді, дыбыстық сигнал шығады және қате коды (әдетте пісіру таймерінің дисплейінде бір немесе екі сан) пайда болады .	Техникалық ақау.	Қате кодын жазып алыңыз, пісіру панелін электр қуатынан ажыратыңыз және білікті маманға хабарласыңыз.

7. КЕРІ БАЙЛАНЫС

КЛИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ

Haier компаниясының клиенттерді қолдау қызметіне жүгінуге, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдалануға кеңес береміз. Егер тұрмыстық техникаңызбен байланысты мәселе туындаса, алдымен «Ақауларды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Мәселенің шешімін таба алмасаңыз, мыналарға жүгініңіз:

- ресми дилеріңізге немесе

- біздің колл-орталыққа

8 (800) 070-01-29 (ҚР),

- <https://haieronline.kz> сайтына, онда қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз. Біздің сервистік орталыққа хабарласқанда паспорт тақтайшасынан және чектен таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Моделі.....

Сериялық нөмірі.....

Сатылған күні.....



Сонымен қатар кепілдігі мен сатылғаны туралы құжаттардың болуын тексеріңіз.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмір болмауы өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдік бойынша қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіруші тақтайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Өнім Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Сәйкестік сертификаты № ЕАЭС RU C-CN.AЯ46.B.43350/25 02.10.2025 бастап 01.10.2030 дейін әрекет етеді.

Сәйкестік туралы декларация № ЕАЭС N RU Д-CN.PA08.B.90994/25 03.10.2025 бастап 02.10.2030 дейін әрекет етеді.

Толығырақ мәлімет Еуразиялық экономикалық одақтың берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларацияларының бірыңғай тізілімінде көрсетілген.

8. ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Пісіру панелі	ННК-У64ТСVB
Пісіру аймақтары	4 аймақ
Қуат көзі кернеуі	220–240 В айнымалы ток, 50/60 Гц
Белгіленген электр қуаты	7000 Вт
Құрылғының өлшемі Ұ×Е×Б (мм)	590×520×54
Кірігетін бөлігінің өлшемдері А×В (мм)	560×480

Комиссияның (ЕС) № 66/2014 Қаулысына сәйкес тұрмыстық электр пісіргіш панельдері туралы ақпарат			
	Таңба	Мәні	Өлш. бірл.
Үлгіні белгілеу		ННК-У64ТСVB	
Пісіргіш панельдің типі		Индукциялық пісіру панелі	
Пісіру аймақтарының және/немесе оттықтардың саны		4	
Жылыту технологиясы		Индукциялық пісіру аймақтары	
Дөңгелек пісіру аймақтары немесе учаскелері үшін	∅	1-аймақ; 21 2-аймақ; 16 3-аймақ; 18 4-аймақ; 16	см
Дөңгелек емес пісіру аймақтары немесе учаскелері үшін	L W	-	см
1 кг есебінен жылыту аймағына энергия тұтынуы	ТҰТ _{эл. дәнекерлеу}	1-аймақ; 193,5 2-аймақ; 189,1 3-аймақ; 193,2 4-аймақ; 189,1	Втсағ/кг
Пісіру панелінің 1 кг есебінен энергия тұтынуы	ТҰТ _{эл. дәнекерлеу}	191,3	Втсағ/кг

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы таңдауыңыз үшін алғыс білдіреді, пайдалану, орнату (монтаждау) және техникалық қызмет көрсету ережелерін сақтаған жағдайда бұйымдардың (тауарлардың) жоғары сапасы мен мінсіз жұмысына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалануға арналған бұйымдардың ресми қызмет мерзімі: микротолқынды пештер, тамақ қалдығын ұсақтағыштар — 5 жыл; робот-шаңсорғыштар, шаңсорғыштар — 4 жыл; шағын тұрмыстық техника, ақылды құлпытар — 3 жыл, су тазартқыштар — 2 жыл, қалған бұйымдар — бұйымды соңғы тұтынушыға берген күннен бастап 7 жыл. Бұйымдардың жоғары сапасын ескерсек, олардың нақты қызмет мерзімі ресми мерзімнен едәуір асып кетуі мүмкін және ұқыпты әрі мұқият қарасаңыз, олар сізге көп жыл қызмет етеді.

Алайда, қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы Заң негізінде өндіруші тұтынушыға өнімді мақсатына сай пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндеттелмейді және тұтынушының өміріне, денсаулығына қауіп төндірмейтін, оның мүлкіне немесе қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін елестірілетін үшін жауап бермейді. Дегенмен, бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін диагностикалық жұмыстарды қосымша ақыға жүргізу, бұйымды кәдеге жарату туралы ақпарат алу үшін Авторланған сервистік орталыққа жүгіне аласыз.

Түсініспеушіліктер болмас үшін сізден сатып алған кезде пайдалану құжаттамасын, тауарға кепілдік міндеттемелерінің шарттарын мұқият зерделеуді, сондай-ақ оны сатқан кезде тауарға қоса берілетін құжаттарды (тауар немесе қасса чегі, пайдалану құжаттамасы, жүкқұжаттар, кепілдік талоны) қызмет мерзімі ішінде сақтауды сұраймыз. Егер сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды (қосуды), бұйымға қоса берілетін пайдалану құжаттамасына сәйкес мерзімді техникалық қызмет көрсетуді талап етсе, Авторланған сервистік орталыққа жүгіну қажет.

Газ пайдаланатын жабдықты (бұйымды) орнату (қосу) және мерзімді техникалық қызмет көрсетуді тек Ресей Федерациясы Үкіметінің 14.05.2013 № 410 «Үйшілік және пәтершілік газ жабдықтарын пайдалану және құтып ұстау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» қаулысымен белгіленген талаптарға сәйкес келетін маманданған ұйым жүргізеді. Бұйымға көзделдік техникалық қызмет көрсету қосымша ақыға жүзеге асады.

Haier корпорациясы төменде көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда бұйымға кепілдік бойынша сервистік қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдік бойынша сервистік қызмет көрсету шарттары

Haier корпорациясы тауар тұтынушыға табыс етілген күннен бастап 12 ай кепілдік мерзімін белгілейді. Кепілдік бойынша қызмет көрсету тауарды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттармен (тауар немесе қасса чегі, пайдалану құжаттамасы, жүкқұжаттар, кепілдік талоны) жиынтықталған, тауарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін тауарларға ғана қолданылады. Бұйымда сериялық нөмірдің болмауы (егер оны өндіруші көздеген жағдайда) оны сәйкестендіруге және соның салдарынан оған кепілдік бойынша қызмет көрсетуге мүмкіндік бермейді. Зауыттық сәйкестендіру тәжірибелерін бұйымнан алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тәжірибелердің, кепілдікті пломбалардың бұлінуді немесе болмауы (егер олардың болуын дайындаушы көздеген жағдайда) кепілдік бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін. Кепілдік бойынша тек Haier-дің Авторланған сервистік орталықтары қызмет көрсетеді. Авторланған сервистік орталықтардың толық тізімін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier Ақпараттық орталығынан біле аласыз:

8-800-070-01-29 — Қазақстандағы тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен қоңырау шалу тегін)

немесе <https://haieronline.kz> сайты немесе support-kz@haieronline.kz электрондық поштасына сұрау салу арқылы.

Авторландырылған қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

Мыналардың салдарынан ақау шыққан бұйымдарға кепілдік бойынша қызмет көрсетілмейді:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзуы;
- бұйымды қате орнату, баптау және/немесе іске қосу;
- тоңазытқыш контурмен жұмыс істеу технологияларын және электрлік қосылдарды бұзу, сонымен қатар бұйымды монтаждауға қажатпен расталған тиісті біліктілігі жоқ тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, бұйымға уақытылы қызмет көрсетпеу;
- су құбырларының желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысымнан;
- бұйымның осы түріне жарамайтын жуғыш құралдарды пайдалану, сонымен қатар жуғыш құралдардың ұсынылған мөлшерлемесінен асып кетуі;
- бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттерінен; уәкілеттілігі жоқ тұлғалардың жөндеуі немесе өндіруші рұқсат етпеген құрылымдық немесе сызбалы техникалық өзгерістер енгізуі;
- Қуат беру желілерінің стандарттары мен нормаларынан ауытқуы;
- еңсерілмейтін күш әрекеттерінен (апат, өрт, найзағай және т. б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз, оның ішінде бұйымға механикалық зақым келтіруге әкелген әрекеттері;
- бұйымның ішіне бөгде дүниелер, заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктер тіршілігі қалдықтарының түсуі;
- тұрақсыз сымды / сымсыз байланыс және тұрақсыз телефон желілері, сапасыз жерге тұйықтау, сыртқы электромагниттік өрістер, тікелей күн сәулесінің әсер етуі, жоғары ылғалдылық пен дүбір;
- бағдарламалық жасақтама мен вирустық (зиян) бағдарламалық жасақтамамың үйлеспеуі, сондай-ақ кіркізген бағдарламалық жасақтамамың өз бетінше өзгерту, сондай-ақ бөтен бағдарламалық жасақтама пайдалану;
- бүкіл құрылғының немесе оның бір бөлігінің істен шығуына әкелген сыртқы құрылғылардың қосылуы;
- табиғи нашарлау (тозу), соның ішінде қосымшалар, иілгіш дискілер, нұсқаулықтар, сондай-ақ аккумулятор блогы сыйымдылығының азаюы;
- стандарт емес және (немесе) сапасыз шығыс материалдарын, аксессуарларды, қосалқы бөлшектерді, батареяларды және / немесе әр түрлі типтегі құралдарды пайдалану;

Кепілдік және қосымша сервистік қызмет көрсету мынадай қызмет түрлеріне таралмайды:

- бұйымды пайдалану орнында орнату, баптау және қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқаулық ету және кеңес беру;
- бұйымды сыртынан немесе ішінен тазалау;
- тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде бүлінген операциялық жүйені (зауыттық «бағдарлама») қайта орнату.

Кепілдік және қосымша сервистік қызмет көрсетуге төменде аталған шығыс материалдары мен аксессуарлар жатпайды:

- кір жуғыш және ыдыс жуғыш машиналарға арналған сүзгілер, суды жеткізуге/төуге арналған құбыршықтар;
- құбыршықтар, түтіктер, қылшақтар, саптамалар, шаң жинағыштар, шаңсорғыштарға арналған сүзгілер;
- микротолқынды пештерге арналған табақтар, істіктер, торлар, табақшалар және тұғырықтар;
- сүзгілер, иіс сіңіргіштер, шамдар, сөрелер, жәшіктер, тұғырықтар және азық-түлікті тоңазытқыштарда сақтауға арналған басқа да ыдыстар;
- басқару пультері, аккумулятор батареялары, қуат көздері, сыртқы қуат көздері және қуаттағыштар, ағытпасы бар қосқыш сымдар;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Haier

RU

Изготовитель:

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Уполномоченная организация / импортер:

ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601.

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:

ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.

Дата изготовления и гарантийный срок указаны на этикетке устройства

Сделано в Китае

KZ

Өндіруші:

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Қазақстан Республикасындағы

уәкілетті ұйым/ импорттаушы:
«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Шығарылған күні мен кепілдік мерзімі құрылғының жапсырмасында көрсетілген

Қытайда жасалған

